

ҚОЛДАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

Негізгі нұсқаулық

Планшеттік компьютер

Үлгі нөмірі: **FZ-A2** сериясы

Мазмұны

Жұмысты бастау

Кіріспе	2
Бөлшектердің сипаттамасы	4
Бастапқы жұмыс.....	7
Қосу/өшіру және Ұйқы режимі/Ұйқы режимінен шығару	10
Енгізу жұмысы	11

Пайдалы ақпарат

Пайдалану және қызмет көрсету	14
-------------------------------------	----

Ақаулықтарды шешу

Ақаулықтарды шешу (Негізгі)	20
-----------------------------------	----

Қосымша

Сипаттамалар	23
--------------------	----

Кіріспе

Осы Panasonic өнімің сатып алғандығыңызға алғысымызды білдіреміз. Оптималды өнімділік пен қауіпсіздік үшін нұсқауларды мұқият оқыңыз.

■ Осы нұсқаулардағы терминдер және суреттер

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ : Шамалы немесе жеңіл жарақатқа әкеліп соғуы мүмкін жағдайлар.

ЕСКЕРТПЕ : Пайдалы және тиімді ақпарат.

→ : Осы Operating Instructions - Reference Manual нұсқаулығындағы беттер.

 : Экрандық нұсқаулықтарды қарау.

- Кейбір суреттер сіздің түсінуіңізді жеңілдету үшін жай көрсетілген және нақтылы құрылғыдан өзгеше болуы мүмкін.
- Егер сіз бағдарламаның иесі ретінде жүйеге кірмесеңіз, кейбір қызметтерді қолдана алмайсыз және кейбір экрандарды көре алмайсыз.
- Қосымша өнімдер туралы жаңа ақпарат алу үшін жинақтарды, т.б. қараңыз.

■ Жауапкершіліктен бас тарту

Компьютер сипаттамалары және нұсқаулықтары ескертусіз өзгертіле алады. Panasonic корпорациясы зақымдар үшін тура немесе жанама түрде әкеліп соққан қателер, байқаусыздықтар немесе компьютер және нұсқаулықтардың айырмашылықтары үшін жауапты болмайды.

■ Сауда белгілері

Intel - Intel корпорациясының сауда белгісі немесе тіркелген сауда белгісі.

microSDHC белгісі SD-3C, ЖШС сауда белгісі болып табылады.



Adobe, Adobe белгісі және Adobe Reader - Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа мемлекеттердегі Adobe Systems Incorporated корпорациясының тіркелген сауда белгілері немесе сауда белгілері болып табылады.

Bluetooth® - Bluetooth SIG, Inc., АҚШ корпорациясы иемденген сауда белгісі болып табылады және лицензия Panasonic корпорациясына берілген.

HDMI, HDMI Logo және High-Definition Multimedia Interface - HDMI Licensing LLC компаниясының АҚШ пен басқа мемлекеттердегі сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады.

Осы нұсқаулықта кездесетін өнімдердің, брендтердің, т.б. атаулары олардың сәйкесінше өз компанияларының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады.

Бұл өнім AVC емделушісі портфелінің лицензиясы, VC-1 емделушісі портфелінің лицензиясы, MPEG-4 емделушісі портфелінің лицензиясы тарапынан тұтынушының жеке қолданысы немесе төмендегі мақсаттар үшін қайта нөмірленбейтін басқа қолданыс жолдары үшін лицензияланады

(i) AVC стандартына, VC-1 стандартына және MPEG-4 көрнекі стандартына ("AVC/VC-1/ MPEG-4 бейнесі") сәйкес бейнені кодтау және/немесе

(ii) жеке әрекеттермен босамаған тұтынушы тарапынан кодталған және/немесе AVC/VC-1/MPEG-4 бейнесін қамтамасыз ету үшін, лицензиясы бар бейне провайдерінен алынған AVC/VC-1/MPEG-4 бейнесін декодтау. Басқа қандай да бір қолданыс үшін ешбір лицензия берілмеуі керек немесе жанама түрде қолданылмауы керек. Қосымша ақпаратты MPEG LA, LLC компаниясынан алуға болады. <http://www.mpegla.com> сайтың қараңыз.

■ Экрандық нұсқаулық


Компьютер туралы қосымша ақпарат алу үшін, төменде көрсетілген қадамдарды орындап, экрандық нұсқаулықты қарауыңызға болады.

①  - [ Онлайн нұсқаулық] белгішесін түртіңіз.

Бірнеше экрандық нұсқаулық дайындалған кезде, ол нұсқаулықтардың аты жоғарыдағы қадамда көрсетіледі. Тізімдегі нұсқаулықты ашу үшін, оны түртіңіз.

Бөлшектердің сипаттамасы

Алдыңғы жак



A: Сымсыз WAN антеннасы

<Тек Wireless WAN бар үлгіде>

→ *Operating Instructions - Reference Manual* “Wireless WAN”, “GPS”

B: Микروفон

C: Алдыңғы камера / объектив

→ *Operating Instructions - Reference Manual* “Camera”

D: Сыртқы жарық датчигі

Сыртқы жарық датчигі дисплей экранын реттейтін жарықтықты автоматты түрде реттеу функциясы бар. (→ 15-бет)

E: Камера индикаторы

F: СКД

G: Wi-Fi / Bluetooth антенна

→ *Operating Instructions - Reference Manual* “Wi-Fi”, “Bluetooth”

H: Wi-Fi антенна

→ *Operating Instructions - Reference Manual* “Wi-Fi”

I: Планшет түймелері

→ *Operating Instructions - Reference Manual* “Tablet Buttons”

J: LED көрсеткіштері


🔋 : Батареяның күйі

🔌 : Қуат индикаторы


Өшірулі: Қуаты өшіру, Жасыл: Қуат қосулы, Жасыл түспен жыпықтау: Ұйқы (бағдарламалық жасақтаманың жұмыс істеп тұрған күйіне байланысты, индикатор жасыл болуы мүмкін (жыпылықтамай)).

K: Қуат қосқышы

Оң жак



Сол жак



A: DC-IN науасы

Негізгі құрылғыны ғана зарядтауға болады.

B: Қалам ұстағышы

C: Қалам

D: Бау саңылауы

E: Қауіпсіздік құлпы

F: Динамик

Динамик магнит пен магниттік өнімдерді қамтиды. Осы аймақтармен металл заттар не магниттік заттардың жанасуын болдырмаңыз.

G: microSD жад картасы ұяшығы

microSD жад карталарын нәрестелер мен кіші балалардан алшақ ұстаңыз.

→  *Operating Instructions - Reference Manual* "MicroSD Memory Card"

H: Гарнитура ұяшығы

Гарнитура немесе құлаққапты қосуға болады.

I: A түріндегі USB 3.0 порты

USB портына ешқандай бөгде заттар салмаңыз.

→  *Operating Instructions - Reference Manual* "USB Devices"

J: HDMI шығыс порты


→  *Operating Instructions - Reference Manual* "External display"

K: C түріндегі USB 3.1 порты

→  *Operating Instructions - Reference Manual* "USB Devices"

Бөлшектердің сипаттамасы

Артқы жак



Артқы камера

<Тек Артқы камерасы бар үлгіге арналған>

A: Камера индикаторы

B: Камера жарығы

C: Камера объективі

→ Operating Instructions - Reference Manual "Camera"

D: Артқы қақпақ

Мұның пішіні үлгіге байланысты өзгешеленуі мүмкін.

E: Босату ысырмасы

F: microSIM карта ұяшығы

<Тек Wireless WAN бар үлгіде>

→ Operating Instructions - Reference Manual "Wireless WAN"

G: Батарея блогының ысырмасы

→ Operating Instructions - Reference Manual "Battery Power"

H: Жарық диодты индикаторлар

<Тек кірістірілген аралық батарея бар үлгі үшін>

: Батареяның күйі


→ Operating Instructions - Reference Manual "Battery Power"

Бастапқы жұмыс

■ Дайындық


- ① Берілген бөлшектерді тексеріңіз және анықтаңыз.
Егер сипатталған бөлшектерді таппасаңыз, Panasonic техникалық қолдау тобына хабарласыңыз.

• AC адаптері 1



Модель №: CF-AA6413C

• Стилус 1




• AC сымы 1



• Бау 1



• Батарея блогы . . 1^{*1}



Модель №: CF-VZSU0QW


• Жұмсақ мата . . . 1



→  *Operating Instructions*
- *Reference Manual* "Input
Operation"


• ҚОЛДАНУ НҰСҚАУЛАРЫ - Қолданудан бұрын оқыңыз 1

^{*1} Негізгі құрылғы ішінде қаптау кезінде сақталады.




1 Стилусты компьютерге тіркеу.

Стилусты жоғалтпайтындай етіп компьютерге тіркеу үшін бауды пайдаланыңыз. Оны тіркейтін (A) саңылаулар бар.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Бауды артық күшпен тартпаңыз. Стилусты жібергенде, ол компьютерге, адам денесіне немесе басқа да заттарға тиіп кетуі мүмкін.




2 Компьютерді қуат розеткасына қосыңыз.

- ① Қапакты ашыңыз.
 - ② Компьютерді қуат розеткасына қосыңыз.
- Батареяны зарядтау автоматты түрде басталады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Бастапқы жұмыс үрдісі аяқталғанға дейін, AC адаптерін ажыратпаңыз.
- Компьютерді алғашқы рет пайдаланған кезде батарея блогы, AC адаптерінен басқа қандай да бір сыртқы құрылғыны жалғамаңыз.



3 Компьютерді іске қосыңыз.

Қуат қосқышын қуат көрсеткіші ① жанғанша басып, ұстап тұрыңыз.
Компьютерді сатып алған соң алғаш рет іске қосқанда, 4-қадамда сипатталған “Welcome” экраны пайда болғанша 5 минуттай уақыт кетуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қуат қосқышын қайта-қайта баспаңыз немесе оны 10 секундтан артық басып тұрмаңыз.
- Setup Utility қызметінің әдепкі параметрлерін алғашқы жұмыс параметрлері теңшелмегенше өзгертуге болмайды.

4 Компьютерді баптандыру.

- ① “Welcome” сөзі көрсетілген кезде, тіл атауын түртіп, тілдер тізімін ақтарыңыз, содан кейін өзіңіз қолданатын тілді таңдап, белгішесін түртіңіз.
- ② <Tek Wireless WAN бар үлгіде>
“Insert SIM card” экраны пайда болғанда, [SKIP] пәрменін түртіңіз.
- ③ “Select Wi-Fi network” экраны пайда болғанда, төмендегі жұмыстардың бірін орындаңыз.
- Егер Wi-Fi желісін орнатқыңыз келсе, экрандағы нұсқаулықтарды орындау арқылы Wi-Fi желісін орнатыңыз.
Параметрлер аяқталғаннан кейін ⑤ қадамын өтесіз.
- Егер Wi-Fi желісін орнатқыңыз келмесе, [SKIP] пәрменін түртіп, содан кейін растау хабарламасы пайда болғанда [SKIP ANYWAY] пәрменін түртіңіз.
- ④ “Date & time” экраны пайда болғанда, параметрлерді растап, [NEXT] белгішесін түртіңіз.
- ⑤ “Name” экраны көрсетілгенде, атыңызды енгізіп, [NEXT] белгішесін түртіңіз.

- ⑥ “Protect your phone” экраны пайда болғанда, параметрді таңдау үшін, элементті түртіңіз, содан кейін [NEXT] белгішесін түртіңіз.
- “Protect this device and ...” ұяшығына құсбелгі қоссаңыз, “Choose screen lock” экраны көрсетіледі. Экранды құлыптау әдісін экрандағы нұсқауларды орындап орнатыңыз да, [NEXT] белгішесін түртіңіз.
 - Құсбелгіні “Protect this device and ...” ұяшығынан алып тастасаңыз, [SKIP] және [SKIP ANYWAY] пәрмендерін түртіңіз.
- ⑦ “Google™ services” экраны көрсетілгенде, хабарды растаңыз және параметрлерді таңдау үшін элементтерді түртіңіз, содан кейін [NEXT] белгішесін түртіңіз.
- ⑧ “Welcome” экраны көрсетілгенде, [GOT IT] пәрменін түртіңіз.
- ⑨ Егер сіз Wi-Fi желісін ③ қадамында орнатпасаңыз, интернетке Wi-Fi немесе сымсыз WAN желісі арқылы қосылыңыз. (→  *Operating Instructions - Reference Manual* “Wireless Communication”)
Интернетке сымсыз WAN желісі арқылы қосылғыңыз келсе, microSIM картаны салу керек. (→  *Operating Instructions - Reference Manual* “Wireless WAN”)
- ⑩  - [ Settings] - [ About tablet] - [System updates] - [Download] тармағын түртіңіз.
Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер орналасқан жер туралы ақпаратты орнату процесін растау экраны пайда болса, орнату процесін орындау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- <Тек Wireless WAN бар үлгіде>
microSIM карталарына ештеңе жапсырмаңыз, әйтпесе ол ақаулықтың пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Қосу/өшіру және Ұйқы режимі/Ұйқы режимінен шығару

Қосу

- ①  (қуат қосқышы) түймесін, ② (қуат көрсеткіші) жанғанша басыңыз.
- ② "Телефонды қорғау" экранында конфигурацияланған әдісті пайдалану арқылы құлыптан босатыңыз (→ 9-бет).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қуат қосқышын бірнеше рет баспаңыз.
- Компьютерді өшірген болсаңыз, қайта қосудан бұрын он секунд немесе одан ұзақ күтіңіз.
- Жетек көрсеткіші  өшкенше мына операцияларды орындамаңыз.
 - АС адаптерін жалғау немесе ажырату
 - Қуат қосқышын басу
 - Түймелерді, экранды немесе сыртқы тінтуірді басу

ЕСКЕРТПЕ

- Құлып түрін  - [ Settings] - [ Security] - [Screen lock] тармақтарын басу арқылы өзгертуге болады.

Өшіру

- ① "Power off" экраны пайда болғанға дейін  (қуат қосқышы) түймесін басып тұрыңыз.
- ② [ Power off] опциясын түртіңіз.

Ұйқы режимі

Сатып алған кезде ешқандай жұмыс атқармаған экран 1 минуттан кейін автоматты түрде өшіп қалады. Экранды қолмен өшіру үшін мына жұмысты орындаңыз.

- ①  (Қуат қосқышы) түймесін басыңыз.
Экран өшеді.



ЕСКЕРТПЕ

- Экран 1 минуттан кейін автоматты түрде өшеді. Экранның өшу уақытын  - [ Settings] - [ Display] - [Sleep] тармақтарын басу арқылы өзгертуге болады.

Ұйқы режимінен шығару

- ①  (қуат қосқышы) түймесін, ② (қуат көрсеткіші) жанғанша басыңыз.
- ② "Телефонды қорғау" экранында конфигурацияланған әдісті пайдалану арқылы құлыптан босатыңыз (→ 9-бет).

Экранға енгізу жұмысы

Түрту 	Элементтерді немесе опцияларды таңдаңыз.
Түртіп ұстап тұру	Арнайы опцияларды ашыңыз.
Сырғыту	Экранды төмен түсіріңіз.
Сипау 	Экранды жылдам төмен түсіріңіз.
Апарып қою	Элементті жылжытыңыз.
Саусақтарды жақындатып, алыстату 	Экранды үлкейтіңіз немесе кішірейтіңіз. Бағдарламаларға байланысты экранды екі рет басу арқылы да үлкейтіп, кішірейте аласыз.

Планшет түймелері

A1	A1 түймесі Құралдар тақтасын іске қосады (зауыттық әдепкі шарттар бойынша). [Concealed Mode] [Enabled] күйге орнатылғанда, бұл жасырын режимді қосады/өшіреді.
A2	A2 түймесі <Тек штрих-кодты оқу құралдары бар үлгілерге арналған> Штрих-кодтарды сканерлейді (зауыттық әдепкі шарттар бойынша). Осы түймеге тағайындалған функцияны User Button Manager арқылы өзгертуге болады.  <i>Operating Instructions - Reference Manual "Tablet Buttons"</i>
A3	A3 түймесі Қауіпсіздік режимін қосады (зауыттық әдепкі шарттар бойынша). Осы түймеге тағайындалған функцияны User Button Manager арқылы өзгертуге болады.  <i>Operating Instructions - Reference Manual "Tablet Buttons"</i>
—	Төмендету түймесі Дыбыс деңгейін төмендетеді. BIOS Setup Utility бағдарламасын пайдаланған кезде, осы түйме пернетақтадағы ↓ пернесімен бірдей қызмет атқарады. Сондай-ақ, жарықтықты арттыру/азайту немесе түймені өшіру арқылы түйменің функция тағайындауын өзгерте аласыз.



Көтеру түймесі

Дыбыс деңгейін көтереді.

BIOS Setup Utility бағдарламасын пайдаланған кезде, осы түйме пернетақтадағы → пернесімен бірдей қызмет атқарады. Сондай-ақ, жарықтықты арттыру/азайту немесе түймені өшіру арқылы түйменің функция тағайындауын өзгерте аласыз.




Айналдыруды құлыптау түймесі

Автоматты экран айналуын қосады/өшіреді.

Автоматты экран айналуы зауыттық әдепкі шарттар бойынша қосылған.

Басты экран



A: Іздеу

Google іздеу көмегімен интернетті және компьютерді іздеңіз. Экрандағы пернетақта арқылы іздеу шарттарын енгізіңіз.

B: Дауыстық іздеу

Google іздеу көмегімен интернетті және компьютерді іздеңіз. Экрандағы пернетақта арқылы іздеу шарттарын енгізіңіз.

C: Бағдарламаның пернелер тіркесімі

Бағдарламаны ашыңыз. Басты экранға бағдарламалардың пернелер тіркесімдерін қосып немесе басты беттен алып тастай аласыз.

→ *Operating Instructions - Reference Manual* “Customizing the Home Screen”

D: Виджеттер

Басты экрандағы кішкентай бағдарламалар. Кейбір виджеттер басты экрандағы ең соңғы ақпаратты (сағат, күнтізбе, ауа-райы, электрондық пошта, т.б.) көрсетеді.

→ *Operating Instructions - Reference Manual* “Customizing the Home Screen”

E: Басты экран

Бұл компьютердің алғашқы экраны.

Басты экранға пернелер тіркесімін, виджеттерді және басқа элементтерді орналастыра аласыз.


Басты экранға элементтер қосу, оларды жоюға және сұрыптауға болады.

F: Бағдарламалар

Барлы бағдарламалар мен виджеттерді көрсетіңіз. Тізімнен ашу үшін, бағдарламаны/виджетті түртіңіз.

G: Күй туралы мәлімет

Күй туралы мәлімет (батарея зарядының қалғаны, желі күйі және т.б.) және сағат көрсетіледі. Экранның жоғарғы жиегінен төмен қарай сипаңыз, жылдам параметрлерді көрсету үшін хабарландыру жолағындағы тақырыпты түртіңіз. Жылдам параметрлер желі күйін, батарея зарядының қалғанын және басқа мәліметтерді көрсетеді. [⚙ Settings] түймесін басқан кезде, Параметрлер бағдарламасы ашылады.



H: Артқа

Алдыңғы экранға қайтыңыз.

I: Басты экран

Басты экранға қайтыңыз.

J: Соңғы бағдарламалар

Соңғы бағдарламаларды көрсетіңіз. Бағдарламалар тізімнен ашу үшін, бағдарламаны түртіңіз.

Тізімнен бағдарламаны жою үшін, бағдарламаны оңға немесе солға сырғытыңыз немесе бағдарлама терезесінің жоғарғы оң жағындағы [x] белгішесін түртіңіз.

Пайдалану және қызмет көрсету

Жұмыс ортасы

- Компьютерді тегіс, тұрақты, соққыға, дірілге не құлау қаупіне ұшырамайтын бетке қойыңыз. Компьютерді тік қоймаңыз немесе аудармаңыз. Егер компьютер шамадан тыс әсерлерге ұшыраса, оған зақым тигізуі мүмкін.
- Жұмыс ортасы
Температура: Жұмыс : -10 °C - 50 °C (IEC60068-2-1, 2)^{*1}
Сақтау : -20 °C - 60 °C
Ылғалдылық: Жұмыс : 30 % - 80 % ҚЫ (Конденсация жоқ)
Сақтау : 30 % - 90 % ҚЫ (Конденсация жоқ)
Жоғарыдағы температура/ылғалдық ауқымдары сақталса да, экстремалды орталарда ұзақ уақыт бойы жұмыс істеу, жақын жерде шылым шегу, немесе май пайдаланған кезде не шаңы көп жерде жұмыс істеу өнімнің нашарлауына алып келіп, оның жарамдылық мерзімін қысқартады.
- ^{*1} Өнімді ыстық немесе суық ортада пайдаланғанда, теріні бұл өнімге тигізбеңіз.
Егер компьютер 0 °C не одан төмен температурасында ылғалға ұшыраса, мұздау зақымдалуы орын алуы мүмкін. Мұндай температураларда компьютердің құрғақ екендігіне көз жеткізіңіз.
- Компьютерді келесі жерлерге орнатпаңыз, олай болмаса, компьютер зақымдалуы мүмкін.
 - Электрондық жабдықтың жанында. Бейне бұрмалануы не шу орын алуы мүмкін.
 - Тым жоғары немесе төмен температурада.
- Компьютер жұмыс істеген кезде жылынуына байланысты оны жылуға сезімтал келетін заттардан алшақ ұстаңыз.

Пайдалану ескертулері

Бұл компьютер СКД және флеш жады жетегі сияқты бөлшектерден шок алу қаупін азайту үшін жасалған, алайда шоктан болатын кез келген ақаулықтар болмауы кепілдендірілмейді. Компьютерді пайдалану кезінде абай болыңыз.

- Компьютерді тасымалдаған кезде:
 - Компьютерді өшіріңіз.
 - Барлық сыртқы құрылғыларды, кабельдерді, Смарт карталарын және басқа шығып тұрған нысандарды алыңыз.
 - Компьютерді қатты заттардың үстіне құлаптаңыз не соқпаңыз.
 - Дисплейді қыспаңыз.
- Ұшақпен ұшқанда компьютерді өзіңізбен бірге тасыңыз және ешқашан багаж бөліміне тапсырмаңыз. Компьютерді ұшақта пайдаланғанда авиалиния нұсқаулықтарын орындаңыз.
- Қосалқы батареяны тасымалдағанда, оның терминалдарын қорғау үшін пластик дорбаға салыңыз.
- Сенсорлық экран саусақ ұшымен пайдалану үшін жасалған. Сенсорлық экран бетіне ешқандай зат қоймаңыз және онда із қалдыруы ықтимал үшкір немесе қатты заттармен (мысалы, тырнақ, қалам, шарикті қаламдар) қатты баспаңыз.
- Сенсорлық экранға май сияқты зиянды заттардың енуін болдырмаңыз. Меңзер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Компьютерді алып жүргенде, түсіріп алу немесе ұрынудан жарақат алмаңыз.
- Экранды түрту үшін, тек арнайы стилусты пайдаланыңыз. Сенсорлық экран бетіне ешқандай зат қоймаңыз және онда із қалдыруы ықтимал үшкір немесе қатты заттармен (мысалы, тырнақ, қалам, шарикті қаламдар) қатты баспаңыз.

- Экранда шаң не кір (мысалы, май) болғанда экранды пайдаланбаңыз. Әйтпесе, экрандағы/арнайы стилустағы бөгде заттар экран бетіне сызат түсіруі немесе арнайы стилус жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.
- Арнайы стилусты тек экранды түрту үшін ғана пайдаланыңыз. Өзге мақсаттарда пайдалансаңыз, арнайы стилусқа зақым келіп, экранның сызатталуына алып келуі мүмкін.

■ Батарея көрсеткіші жанбайтын уақытта

АТ адаптері және батарея блогы компьютерге дұрыс жалғанғанның өзінде мынадай себептерге байланысты батарея индикаторы жанбауы мүмкін.

- АТ адаптерінің қорғаныс функциясы жұмыс істеп тұруы мүмкін. Ондай жағдайда, АТ сымын тартып шығарыңыз және АТ сымын қайта жалғамас бұрын, 1 минуттан артық күтіңіз.

■ Сыртқы құралдарды пайдалану кезінде

Құрылғылардың зақымдалуын болдырмау үшін осы және *Operating Instructions - Reference Manual* келтірілген нұсқауларды орындаңыз. Сыртқы құрылғылардың пайдалану нұсқаулықтарын мұқият оқыңыз.

- Компьютердің сипаттамасына сай келетін сыртқы құрылғыларды пайдаланыңыз.
- Қосқыштарды тиісті бағытта қосыңыз.
- Егер ол қосылмаса, күштеп қоспаңыз, қосқыштардың пішінін, бағытын, істіктерінің түзуленуін тексеріңіз.
- Егер бұрандалар ұсынылса, оларды жақсылап бекемдеңіз.
- Компьютерді тасымалдаған кезде сымдарды алыңыз. Сымдарды күштеп тартпаңыз.

■ Wi-Fi/Bluetooth/Сымсыз WAN желісі арқылы компьютеріңізді рұқсатсыз пайдаланудың алдын алу

- Сымсыз Wi-Fi/Bluetooth/Сымсыз WAN пайдаланбас бұрын, деректерді шифрлау сияқты тиісті қауіпсіздік параметрлерін орнатыңыз.

■ Датчиктер

Бұл компьютерде төрт датчик бар (үдеу датчигі, гиродатчик, магниттік датчик, сыртқы жарық датчигі) және оларды кез келген үйлесімді бағдарламалық жасақтамамен пайдалана аласыз.

Әр датчик көрсеткішінің дұрыс болуы жұмыс ортасы мен басқа жағдайларға байланысты болатындықтан, нәтижелерін тек анықтама ретінде пайдалану керек.

Үдеу датчигі, гиродатчик және магниттік датчик LCD дисплейінің төменгі орта жағында орналасқан. Әр датчиктің көрсеткіш нәтижелері дисплей режиміне, компьютерді қалай ұстап тұрғаныңызға, қолданып жатқан бағдарламалық жасақтамаға және басқа факторларға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

● Жарықтықты автоматты түрде реттеу

Компьютерде сыртқы жарық датчигінің көрсеткішін пайдаланып, дисплей экранын реттейтін жарықтықты автоматты түрде реттеу функциясы бар. Автоматты түрде реттеу функциясын төмендегідей теңшеуге болады.

①  - [ Settings] - [ Display] тармақтарын түртіңіз.

② [Brightness level] арналған [] түймесін басып, оны қосыңыз.

Сыртқы жарық датчигі СКД үстінде және камерадан сол жақта орналасқан.

(→ 4-бет Бөлшектердің сипаттамасы)

Егер бұл аймақта кедергі болса немесе кірленіп кетсе, сыртқы жарықты анықтау мүмкін емес.

● Магниттік датчик

Компьютердегі магниттік датчик геомагнетизм сигналдарын анықтау арқылы жұмыс істейді. Сондықтан, әсіресе төмендегі аймақтарда магниттік датчик дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін және оның көрсеткіштері нақты болмауы мүмкін.

- Ғимараттар немесе көпірлер сияқты болаттан жасалған құрылыстардың ішінде немесе жанында
 - Автокөліктердің ішінде немесе жанында немесе пойыз жоларының жанында
 - Металдан жасалған жиһаз немесе құрылғылардың жанында
 - АС адаптері немесе басқа сыртқы құрылғылар компьютердің жанына жақындағанда
 - Магниттің, динамиктердің немесе басқа да магниттік өрісі жоғары заттардың жанында
- Сатып ала салғанда немесе магниттік өрісі нашар аймақтарда магниттік датчик көрсеткен магниттік бағыттар дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.

Ондай жағдайда, компьютерді қосып, оны төменде сипатталғандай жылжытыңыз.

- ① Компьютердің дисплей жағы төмен қарап, тегіс тұратындай ұстап тұрыңыз.
- ② Компьютерді тегіс ұстап тұрғанда, оны сағат тілінің бағытымен 90 градустан артық айналдырыңыз.
- ③ Компьютерді ① позициясына қайта қойып, оны сағат тілінің бағытына қарсы 90 градустан артық айналдырыңыз.
- ④ Компьютерді ① позициясына қайта қойыңыз.
- ⑤ Компьютердің сол жағы төмен еңкейіп тұратындай компьютерді 90 градустан артық еңкейтіңіз.
- ⑥ Компьютерді ① позициясына қайта қойып, компьютердің оң жағы төмен еңкейіп тұратындай компьютерді 90 градустан артық еңкейтіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Компьютерді жылжытқан уақытта, оны мықтап ұстап тұрыңыз. Компьютерді құлатып алған кездегі соққы оның зақымдалуына себеп болуы мүмкін.

Қызмет көрсету

Егер су тамшылары не дақтар СКД панелінің бетінде пайда болса, оларды дереу сүртіп алыңыз. Мұны орындамау бүлінуге алып келуі мүмкін.

СКД панелін тазалау

Жұмсақ шүберек пайдаланыңыз. (Толық ақпарат алу үшін “Suggestions About Cleaning the LCD Surface” →  *Operating Instructions - Reference Manual* “Maintaining the performance of the screen”.)

СКД панелінен өзгешеленетін аймақтарды тазалау үшін

Дәке сияқты жұмсақ, құрғақ матамен сүртіңіз. Тазалағыш заттарды пайдалану кезінде жұмсақ матаны сумен сұйылтылған тазалағышқа малтып, жақсылап сығыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Бензол, еріткіш немесе этил спиртін қолданбаңыз, ол өңсізденуді, т.б. тудырып, бетке жағымсыз әсер етуі мүмкін. Сатылымдағы үй тазалағыштары мен косметиканы қолданбаңыз, оларда бет үшін қауіпті құрамдастар бар болуы мүмкін.
- Су немесе тазалағышты компьютерге тікелей тигізбеңіз, себебі сұйық компьютерге еніп, зақымдалу немесе бүлінуді тудыруы мүмкін.
- Жұмсақ, құрғақ шүберекті пайдаланып, құрылғының бетінен су тамшыларын сүртіп алыңыз. Құрылғыны құрғату үшін микротолқынды пайдаланбаңыз. Олай еткен жағдайда ақаулық пайда болуы немесе зақымдалуы мүмкін.

Қуатты үнемдеу функциясы

Компьютер белгілі бір уақыт ішінде қолданылмаса немесе ол пайдаланылмаса, қуатты үнемдеу функциясы қосылады және компьютер ұйқы режиміне ауысады. Бұл функция компьютер қосылып тұрып, бірақ қолданылмаған уақытта қуат шығынын азайтуға мүмкін береді.

Қуатты үнемдеу функциясы зауыттық әдепкі параметрлер бойынша қосылып тұрады.

(→  *Operating Instructions - Reference Manual* “Important Battery Tips”)

- Ұйқы режимінен шығу үшін,  (Қуат қосқышын) басыңыз.

Компьютерді қоқысқа тастау

■ Дайындық

- Сыртқы құрылғылардың барлығын алыңыз (microSD жад картасы, т.б.).
- Сақталған деректерді жою үшін, “Зауыттық деректерді қалпына келтіру” функциясын орындаңыз.

<Тек кірістірілген аралық батарея бар үлгі үшін>

<Еуропа мен АҚШ/Канада үшін>

Тұтынушылардың назарына

Батареяны өзіңіз алмаңыз. Батареяны білікті сала мамандары алуы тиіс. Осы өнімді тастайтын кезде, батареяны алу үшін білікті сала мамандарын шақырудан тайсалмаңыз.


Батареяны алу жөнінде білікті сала мамандарының назарына

Батареяны келесі процедурада көрсетілгендей алғаннан кейін, бұл өнімді жергілікті заңдарға сәйкес қоқысқа тастаңыз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Компьютерді тек қоқыста тастар алдында ғана бөлік-бөліктерге ажыратыңыз.
- Компьютерді қоқысқа тастау кезіндегі сақтық шараларын "Қауіпсіздік шаралары" (ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҚТАРЫ - Анықтама) бөлімін қараңыз.


- ① Компьютерді өшіріп, AC адаптерін ажыратыңыз.
- ② Ысырмалардың (A) екеуін де көрсеткі бағытымен жылжытып, қақпақты алып тастаңыз. Үлгілерге байланысты қақпақтың пішіні өзгешеленуі мүмкін.





- ③ Ысырмалардың (B) екеуін де көрсеткі бағытымен жылжытып, батарея блогын алып тастаңыз және 3 минуттай күтіңіз.



- ④ Бұрандаларды (10) алып тастап, қапқты көтеріңіз.



- ⑤ Парақ қаптағындағы орнатылған резервтік батареяны тартып шығарыңыз да, орнатылған резервтік батареяның коннекторын алып тастаңыз.



- ⑥ Орнатылған резервтік батареяның коннекторларын, мысалы, пластик таспамен жабу арқылы оқшаулаңыз.
- ⑦ Қапқағы бар батареяны жергілікті ережелерге сай жойыңыз.

Ақаулықтарды шешу (Негізгі)

Ақаулық орын алғанда төмендегі нұсқаулықтарды орындаңыз. “Reference Manual” ішінде ақаулықтарды кеңейтілген шешу нұсқаулары келтірілген. Қамтым ақаулықтары туындаса, қамтымның нұсқаулығын қараңыз. Егер ақаулық шешілмесе, Panasonic техникалық қолдау тобына хабарласыңыз. Ақаулықтың бар-жоғын анықтау үшін, “Жабдық диагностикасы” функциясын пайдалана аласыз (→  Operating Instructions - Reference Manual “Hardware Diagnostics”).

■ Іске қосу

Іске қосыла алмайды. Қуат көрсеткіші немесе батарея көрсеткіші жанбайды.	● АТ адаптерін қосыңыз. ● Толығымен зарядталған батареяны орнатыңыз. ● Батарея блогын және АТ адаптерін алып, оларды қайтадан қосыңыз. ● Егер құрылғы USB портына жалғанып тұрса, құрылғыны ажыратыңыз.
Компьютер іске қосылмайды. Компьютер ұйқы режимінен шықпайды.	● Компьютерді өшіріп, 5 °C не одан жоғары температурадағы ортада шамамен бір сағатқа қалдырыңыз да, содан кейін қуатын қайта қосыңыз.
Іске қосылады және жұмыс жылдамдығы баяу.	● Қоршаған орта температурасы жоғары болуы мүмкін. Бұл компьютерді салқындау жерге қойыңыз.
Күн мен уақыт дұрыс емес.	● Баптауларды түзетіңіз. ①  - [ Settings] - [ Date & Time] тармағын түртіп, күн мен уақытты орнатыңыз. ● Егер ақаулық шешілмесе, ішкі сағат батареясын ауыстыру қажет болуы мүмкін. Panasonic техникалық қолдау тобына хабарласыңыз. ● Компьютер желіге қосылған кезде сервердегі күн мен уақытын тексеріңіз. ● Б.з. 2038 не оған дейінгі жыл бұл компьютерде дұрыс анықталмайды.
Ұйқы режимінен шыға алмайды.	● Ұйқы режимінде, айнымалы ток адаптері ажыратулы болуы мүмкін. Айнымалы ток адаптері ажыратылған болса және батарея блогы ұйқы режимінде отырып қалса, сақталмаған деректер жойылады және компьютер ұйқы режимінен шықпайды.
Іске қосу кезінде белгісіз құпия сөз қажет.	● Құпия сөз DeviceManagement функциясына реттелген кезде, дәл сол құпиясөз BIOS супервайзерінің құпиясөзі ретінде реттеледі. DeviceManagement құпия сөзін теңшеген жүйе әкімшісіне хабарласыңыз. ● Егер құпиясөзіңізді ұмытып қалсаңыз, жүйе әкімшісіне немесе Panasonic техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Өзге іске қосу ақаулықтары.	● Барлық сыртқы жабдықтарды алыңыз.

■ Өшіру

Компьютер өшпейді.	● Сыртқы жабдықтарды алыңыз. ● Бір не екі минут күте тұрыңыз. Бұл ақаулық болып табылмайды. ● Компьютерді күшпен өшіру үшін,  (Қуат қосқышын) 10 секунд немесе одан да ұзақ ұстап тұрыңыз.
--------------------	---

■ Дисплей

Дисплей қосылмаған.	Компьютер ұйқы режиміне қуатты сақтау функциясы арқылы ауысты. Растау үшін қуат қосқышын басыңыз.
Экран күңгірт.	- Егер компьютердің жарықтық параметрі автоматты жарықтық режиміне орнатылған болса, экранның жарықтығы автоматты түрде қоршаған орта жарығына байланысты өзгереді. - Автоматты жарықтық режимін өшіріңіз және экранның жарықтығын өзгертіңіз.
Экранда қызыл, жасыл және көк түсті нүктелер бар немесе экранның түсінде немесе жарықтығында біркелкілік жоқ.	Төменде көрсетілгендер ақаулық емес. - Түрлі түсті LCD экрандарын жасаған уақытта заманауи дәлдігі жоғары технологиялар қолданылғанмен, сурет элементтерінің 0,002%-ы жанбауы немесе үнемі жанып тұруы мүмкін (элементтердің 99,998%-ы дұрыс жұмыс істейді). - LCD экрандарының өздеріне ғана тән ерекшеліктеріне байланысты, көру бұрышына байланысты түс пен жарықтықта біркелкілік болмауы мүмкін. Реңк те әр өнімде әртүрлі болуы мүмкін.

■ Экранға енгізу жұмысы

Меңзер жұмыс істемейді.	Сыртқы меңзерді пайдалану кезінде оны дұрыс қосу қажет.
Сенсорлы экранмен жұмыс істей алмай жатырмын.	Ұйқы режиміне кіру үшін,  (Қуат қосқышы) басыңыз, содан кейін ұйқы режимінен шығу үшін,  (Қуат қосқышы) түймесін басыңыз.

■ Батарея күйінің индикаторы

Сарғылт жыпылықтайды.	Батареяны уақытша зарядтау мүмкін емес. Айнымалы ток адаптерін алыңыз, содан кейін оны қайта жалғаңыз.
Қызыл жанады.	Батареяның қалған заряды шамамен 9 % немесе одан да аз. Батарея блогын зарядтаңыз.

■ Басқалар

Жауап жоқ.	“Қуат өшірулі” экраны пайда болғанға дейін  (Қуат қосқышы) түймесін басып тұрыңыз және [OK] түймесін басыңыз, содан кейін қосу үшін,  (Қуат қосқышы) түймесін басыңыз. - Егер бағдарлама әдеттегідей жұмыс істемесе, бағдарламаны жойып, қайта орнатыңыз. Өшіру үшін:  - [ Settings] - [ Apps] тармағын түртіңіз. - Жойылуы керек бағдарламаны таңдап, [Uninstall] түймесін түртіңіз. - Бағдарламаны төменде көрсетілген экрандағы нұсқаулықтар бойынша жойыңыз.
------------	---

Зауыттық деректерді қалпына келтіру

Жадты әдепкі қалыпқа келтіру үшін, “Зауыттық деректерді қалпына келтіру” функциясын орындаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Зауыттық деректерді қалпына келтіру функциясы компьютерді әдепкі жағдайға келтіреді. Бұл компьютерді қалпына келтірген кезде, сақталған деректер жойылады.
Қалпына келтірмес бұрын, маңызды деректерді басқа медиаға көшіріп алыңыз.

- ①  - [ Settings] - [ Backup & reset] - [Factory data reset] тапмақтарын түртіңіз.
/mnt/sdcard қалтасындағы барлық дерек жойылады. microSD жад картасының ұяшығына енгізілген microSD жад картасындағы деректер өшпейді.
- ② [Reset tablet] түймесін түртіңіз.
- ③ Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Сипаттамалар

Бұл бетте негізгі модельдің сипаттамалары қамтылған.
Модель нөміріне сәйкес сипаттама өзгеше.

■ Негізгі сипаттамалар

Орталық процессор			Intel® Atom™ x5-Z8550 процессоры (2 Мб ^{*1} кэш, 2,4 ГГц-ке дейін)
Бейне контроллері			SoC ендірілген
Жад			4 ГБ ^{*1}
Сақтау			Флеш жады жетегінің өлшемі (eMMC): 32 ГБ ^{*2}
Көрсету әдісі			10,1 WUXGA түрі
Сенсорлық экран			10 Саусақ сенсоры (ауқымды)
Wi-Fi			Intel® Dual Band Wireless-AC 8260
Bluetooth ^{*3}			4.2 нұсқасы
Карта ұяшығы	microSD жад картасы ұяшығы ^{*4}	microSDHC үйлесімді	
Интерфейс			A түріндегі USB порты 3.0 × 1 ^{*5} , C түріндегі USB порты 3.1 x 1 ^{*5} , HDMI шығыс порты x 1 ^{*6} , Кеңейтім шинасының коннекторы, Гарнитура ұяшығы (Шағын ұяшық M3, CTIA стандарты / Аудио шығысы: 32 Ω, Шығыс қуат 4 мВт × 2, Стереo / Микрофон: Монофонды кіріс) x 1, Кеңейтім шинасының коннекторы (24 істік) x 1
Камера	Алдыңғы	1920 × 1080 нүкте, 30 кадр/с (Бейне) / 1920 × 1080 нүкте (Сурет), микрофондар жиыны	
	Артқы	1920 × 1080 нүкте, 30 кадр/с (Бейне) / 3264 × 2448 нүкте (Сурет), Камера жарығымен	
Датчик			Сыртқы жарық датчигі, Магниттік датчик, Гиродатчик, Үдеу датчигі
Қуат қамтуы			АС адаптері немесе Батарея блогы
АТ адаптері ^{*7}			Кіру: 100 В - 240 В АТ, 50 Гц/60 Гц, Шығу: 16 В ТТ, 4,06 А
Батарея блогы			Литий-ионды 11,4 В, минималды 2600 мА-сағ (CF-VZSU0QW бірге)
Жұмыс уақыты ^{*8}			Шамамен 9 сағат (сымсыз WAN жоқ үлгілер), шамамен 7,5 сағат (сымсыз WAN бар үлгілер)
Зарядтау уақыты ^{*9}			Шамамен 2,5 сағат
Физикалық өлшемдер (Е × Т × Б) (проекциялайтын бөлшектерді қоспағанда)			272 мм × 196 мм × 16,4 мм
Салмағы			Шамамен 880 г (CF-VZSU0QW бірге, қосымша құрылғыларды есептемегенде)
Қоршаған орта	Жұмыс істеу	Температура	-10 °C - 50 °C (IEC60068-2-1, 2) ^{*10}
		Ылғалдық	30 % - 80 % ҚЫ (Конденсация жоқ)
	Сақтау	Температура	-20 °C - 60 °C
		Ылғалдық	30 % - 90 % ҚЫ (Конденсация жоқ)

Сипаттамалар

■ Негізгі сипаттамалар

OS ^{*11}	Android 6.0
Алдын ала орнатылған бағдарлама	Adobe Acrobat DC - PDF Reader, Dashboard, DeviceManagement, User Button Manager, Hardware Diagnostics, Google applications ^{*12}

■ Қосымша құрылғылар

Сымсыз WAN	LTE үйлесімді
GPS	GPS, Glonass, SBAS ^{*13}
A түріндегі USB 2.0 порты	x 1
Magnetic Stripe Card Reader	x 1
Смарт картасының ұяшығы	x 1
microSIM карта ұяшығы	x 1
Barcode Reader	x 1
Орнатылған резервтік батарея (ауыстырылмайды)	Өшірмей ауыстыру үшін

- Батарея блогы толық зарядталғанда (немесе зарядталу барысында) және компьютер ӨШІРУЛІ болғанда шамамен 0,5 Вт.
<115 В ауыспалы токпен пайдаланған кезде>
Тіпті ауыспалы ток адаптері компьютерге жалғанбаған кезде, АТ адаптері АТ шығысына қосылған болса (Макс. 0,3 Вт) қуат оңай жұмсалады.

^{*1} 1 МБ = 1.048.576 байт /1 ГБ = 1.073.741.824 байт

^{*2} 1 МБ = 1.000.000 байт /1 ГБ = 1.000.000.000 байт. Сіздің операциялық жүйеңіз немесе кейбір қосымша бағдарламалар азырақ ГБ ретінде мәлімделеді.

^{*3} Барлық Bluetooth сыртқы құрылғылардың жұмысына кепілдік бермейді.

^{*4} Жұмыс істеу мүмкіндігі 2 ГБ-тық Panasonic microSD жад картасымен және 32 GB-тық Panasonic microSDHC жад картасымен сынақтан өткізіліп, расталды.
Басқа microSD жабдықтарындағы жұмыс кепілдендірілмейді.

^{*5} Барлық USB сыйысымды сыртқы құрылғылардың жұмысына кепілдік бермейді.

^{*6} HDMI пішіміне қолдау көрсететін барлық сыртқы дисплейлермен үйлесімділікке кепілдік берілмейді.

^{*7} <Солтүстік Америка үшін ғана>

Ауыспалы ток адаптері, 240 В дейінгі АТ адаптері қуат көздерімен үйлесімді.

Бұл компьютер 125 В АТ үйлесімді ауыспалы ток сымымен жабдықталған.

20-M-1-1

^{*8} Өлшем нәтижелері Panasonic сынақ әдістеріне негізделеді. СКД жарықтығымен өлшенгенде :
150 кд/м², wi-fi арқылы 20 секунд сайын шолу.

Пайдалану жағдайларына байланысты немесе қосымша құрылғы қосылған кезде өзгереді.

^{*9} Қолдану жағдайына қарай әртүрлі болады. Толықтай заряды біткен батареяны зарядтауға ұзақ уақыт кетуі мүмкін.

^{*10} Өнімді ыстық немесе суық ортада пайдаланғанда, теріні бұл өнімге тигізбеңіз.

(→ ҚОЛДАНУ НҰСҚАУЛАРЫ - Қолданудан бұрын оқыңыз)

Ыстық немесе суық ортада пайдаланған кезде кейбір қосымша құралдар мен батарея блогы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Қосымша құралдар жұмыс істейтін ортаны тексеріңіз.

Бұл өнімді үздіксіз ыстық ортада пайдалану өнімнің қызмет мерзімін қысқартады. Осы орта түрлерінде пайдаланбаңыз.

^{*11} Сатып алған кезде орнатылған операциялық жүйеге қолдау көрсетіледі.

^{*12} Модельге байланысты кейбір Google бағдарламаларын орнатуға болады.

^{*13} GPS бар модель үшін ғана.

Panasonic Corporation

Osaka, Japan

Импорттаушының аты мен мекенжайы ЕО заңнамасына сай келеді.

Panasonic System Communications Company Europe, Panasonic Marketing Europe GmbH

Hagenauer Straße 43

65203 Wiesbaden

Germany

Web Site : <http://panasonic.net/avc/pc/>